



Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Қаржы министрлігі Кеден комитетінің жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 6 қазандағы N 1004

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 қыркүйектегі N 4073 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарының штат саны орта және аға басшы құрам қызметкерлері оларды ұстауға жұмсалатын тиісті шығыстармен бірге 1500 адамға қысқартылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кеден комитетінің штат саны тиісті шығыстардың және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің офицерлік құрамдағы әскери қызметшілерінің 1000 адамға қысқартылған, Бас Прокуратураның 500 қызметкерге қысқартылған, Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының орта және аға басшы құрамдағы қызметкерлерінің 1500 адамға қысқартылған штат санының есебінен 4100 адамға өсірілсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті әуежайлар мен темір жол станцияларында орналасқан кеден органдарына кедендік бақылауды ұйымдастыру үшін 1 және 2-қосымшаларға сәйкес қызметтік үй-жайлар бөлу туралы мәселені заңдарда белгіленген тәртіппен шешсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1999 жылдың аяғына дейін сметаларда 34 бақылау-өткізу пункттерінің, 78 модульдық үлгідегі құрастырмалы үйлердің құрылысын аяқтауға көзделген 300 млн. теңге сомасындағы қаражатты бөлуді қамтамасыз етсін, оның 90 млн. теңгесін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің жаңадан бөлінген әкімшілік ғимаратын қайта жаңартуға және күрделі жөндеуге бағыттасын.<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.11.19. N 1753

қаулысымен .

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісе отырып бір ай мерзім ішінде жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін тауарлары мен көлік құралдарын міндетті декларациялаудың тәртібін белгілесін.

6. Облыстардың және Астана және Алматы қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы автоөтпелер ұйымдастырылған жерлерде бақылау-өткізу пункттерін салуға заңдарда белгіленген тәртіппен қайтарусыз негізде жер учаскелерін бөлетін болсын.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кеден комитетінің орталық аппаратының штат санының лимиті 204 адам болып белгіленсін.

8 . < * >

ЕСКЕРТУ. 8-тармақтың күші жойылды - ҚРҮ-нің 1999.02.25. N 173 қаулысымен .

9. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қаржы министрлігінің Кеден комитеті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесе отырып екі апта мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар енгізсін.

10. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

11. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 8 ж ы л ғ ы 6 қ а з а н д а ғ ы

№ 1 0 0 4 қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

**Кеден органдары үшін қызметтік үй-жай бөлінуге тиісті әуежайлардың
ТІЗБЕСІ**

1. "Алматы әуежайы" АҚ
Орналасқан жері: Алматы қаласы
2. "Ақтөбе халықаралық әуежайы" АҰАҚ
Орналасқан жері: Ақтөбе қаласы
3. "Ақмола әуежайы" АҰАҚ
Орналасқан жері: Ақмола қаласы
4. "Ақтау халықаралық әуежайы" АҰАҚ
Орналасқан жері: Ақтау қаласы
5. "Атырау әуежайы" АҰАҚ
Орналасқан жері: Атырау қаласы
6. "Эйр Жезқазған" АҚ А/К
Орналасқан жері: Жезқазған қаласы
7. "Балқаш әуежайы"
Орналасқан жері: Балқаш қаласы
8. "Сарыарқа әуежайы" АҰАҚ
Орналасқан жері: Қарағанды қаласы
9. "Қостанай әуежайы"
Орналасқан жері: Қостанай қаласы
10. "Көкшетау әуежайы" АҚ
Орналасқан жері: Көкшетау қаласы
11. "Петропавл әуежайы" АҚ
Орналасқан жері: Петропавл қаласы
12. "Ертіс Авиа" АҚ
Орналасқан жері: Павлодар қаласы
13. "Сыр Сұңқары" АҚ
Орналасқан жері: Қызылорда қаласы
14. "Семей Авиа" АҚ
Орналасқан жері: Семей қаласы
15. "Тараз қанаттары" ААҚ
Орналасқан жері: Тараз қаласы
16. "Ақжол халықаралық әуежайы" ААҚ
Орналасқан жері: Орал қаласы
17. "Үлбі" ААҚ
Орналасқан жері: Өскемен қаласы
18. "Шымкент әуежайы" АҰАҚ
Орналасқан жері: Шымкент қаласы
19. "Жетісу" АҚ

Орналасқан жері: Талдықорған қаласы

20. "Арқалық әуежайы"

Орналасқан жері: Арқалық қаласы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 6 қазандағы

№ 1004 қаулысына

2-қосымша

Кеден органдары үшін қызметтік үй-жай бөлінуге тиісті темір жол

станцияларының

ТІЗБЕСІ

Ақтөбе	облысы	бойынша	кеден	басқармасы
1.	"Әлімбетов"	станциясы		
2.	"Союзное"	станциясы		
3.	"Жайсаң"	станциясы		
Атырау	облысы	бойынша		
4.	"Құрманғазы"	станциясы		
Шығыс Қазақстан	облысы	бойынша	кеден	басқармасы
5.	"Үбі"	станциясы		
6.	"Защита"	станциясы		
Жамбыл	облысы	бойынша	кеден	басқармасы
7.	"Шу"	станциясы		
8.	"Құлан"	станциясы		
Батыс	облысы	бойынша	кеден	басқармасы
9.	"Жәнібек"	станциясы		
10.	"Тасқала"	станциясы		
11.	"Орда"	станциясы		
12.	"Шыңғырлау"	станциясы		
13.	"Жайық"	станциясы		
Қостанай	облысы	бойынша	кеден	басқармасы
14.	"Бескөл"	станциясы		
15.	"Заятский"	станциясы		
16.	"Комсомолец"	станциясы		
17.	"Пресногорьков"	станциясы		
Маңғыстау	облысы	бойынша	кеден	басқармасы
18.	"Бейнеу"	станциясы		
Павлодар	облысы	бойынша	кеден	басқармасы

		19.	"Уәлиханов"	станциясы
		20.	"Краснов"	станциясы
		21.	"Шарбақты"	станциясы
Солтүстік	Қазақстан	облысы	бойынша	кеден басқармасы
		22.	"Булаево"	станциясы
		23.	"Мамлютка"	станциясы
Оңтүстік	Қазақстан	облысы	бойынша	кеден басқармасы
		24.	"Жетісай"	станциясы
		25.	"Сарыағаш"	станциясы
		26.	"Ильич"	станциясы
		27.	"Қызылту"	станциясы
			Семей	кедені

28. "Локоть" станциясы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 6 қазандағы

№ 1004 қаулысына

3-қосымша

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті орталық
аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ**

Б а с ш ы л ы қ

Кеден кірістері басқармасы

Кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасы

Энергия ресурстарын кедендік бақылау жөніндегі басқарма

Контрабанда және кеден ережелерін бұзушылыққа қарсы күрес
жөніндегі басқарма

Жеке қауіпсіздік басқармасы

Кедендік бақылау мен режим басқармасы

Құқықтық басқарма

Жедел-талдау басқармасы

Сыртқы байланыстар басқармасы

Күрделі құрылыс пен материалдық-техникалық қамтамасыз ету
б а с қ а р м а с ы

Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі

Қаржыландыру, бухгалтерлік есеп, есептілік және бақылау
б а с қ а р м а с ы

Кадрлар және оқу орындары басқармасы
Автоматтандыру және кедендік статистика басқармасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК